

«А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті»
КеАҚ

НАО «Костанайский
региональный университет
имени А.Байтұрсынова»

ШЕШІМІ

ғылыми кеңестің
30.09.2022 г.

Қостанай қаласы

РЕШЕНИЕ

ученого совета
№12

город Костанай

Басқарма Төрағасы-университет ректоры С. Б. Қуанышбаевтың «Есеп беру кезеңіндегі университет ұжымы жұмысының қорытындылары және 2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер» баяндамасын тыңдап және талқылай келе, ғылыми кеңес өткен оқу жылында университет ұжымы кадрларды даярлау, өңірді дамыту үшін ғылым мен білім беруді интеграциялау орталығы ретінде университетті қалыптастыру бойынша белгілі бір жұмыс жүргізгенін атап өтті.

Сонымен қатар, талдау көрсеткендей, университеттің қаржылық жағдайын түбегейлі жақсарту және ЖОО-ны басқарудың заманауи тәсілдерін ескере отырып, бизнес-процестерді жаңғырту, сапалы HR енгізу, экономикалық жоспарлауды тиімді ұйымдастыру, білім алушылар контингентін қабылдау мен қалыптастырудың жаңа саясаты, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды жақсарту, білім беру бағдарламалары мен ғылыми қызметті басқару талап етіледі.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ғылыми кеңес

ШЕШТІ:

1. Басқарма Төрағасы-университет ректоры С. Б. Қуанышбаевтың «Есеп беру кезеңіндегі университет ұжымы жұмысының қорытындылары және 2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер» есебі бекітілсін.

2. Персоналды басқарудың тиімді жүйесі, кадрларды іріктеу мен жылжытуда талант-менеджмент принциптері енгізілсін.

Персоналды басқару бөлімінің бастығы
оқу жылы ішінде

3. Оқу жұмысының экономикалық рентабельділігін қамтамасыз ету мақсатында талапкерлерді қабылдаудың және академиялық топтарды қалыптастырудың, контингенттің сақталуының жаңа саясаты, академиялық ағындарды оңтайландыруды жалғастыру және біріккен топтарда оқу сабақтарын өткізу тетіктері әзірленсін.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор,
2022 жылдың 1 желтоқсанына дейін

4. Жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша және өңірді дамыту бағдарламасы негізінде перспективалы білім беру бағдарламаларын, модульдерді, қашықтықтан оқыту курстарын озыңқы әзірлеу қамтамасыз етілсін. Серіктес кәсіпорындар базасында сабақтар көлемін кеңейте отырып,

оқу бағдарламаларын және оқу процесін ұйымдастыруды практикаға бағдарлауды күшейту жағы қайта қаралсын.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор,
2023 жылдың 1 наурызына дейін

5. Ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын, шет тілдеріндегі білім беру мазмұнын, ПОҚ және ағылшын тілін меңгерген әкімшілік персоналды даярлауды, инфрақұрылымды дамытуды және т.б. көздейтін оқыту жағдайларын интернационалдандыру бойынша кешенді жол картасы әзірленсін.

Жұмыс тобы:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор,
Зерттеулер, инновациялар және цифрландыру
жөніндегі проректор,
Әкімшілік-шаруашылық басқармасының бастығы
2022 жылдың 15 қарашасына дейін

6. 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған инновациялық қызмет тұжырымдамасын және университетті цифрландырудың кешенді жоспарын әзірлеу.

Зерттеулер, инновациялар және цифрландыру
жөніндегі проректор, академиялық мәселелер
жөніндегі проректор, әлеуметтік-тәрбие жұмысы
бойынша проректор
2022 жылдың 1 желтоқсанына дейін

7. Университет қызметкерлерінің ғылыми қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру бойынша тиімді шаралар қабылдансын.

Зерттеулер, инновациялар және цифрландыру
жөніндегі проректор,
2022 жылдың 1 желтоқсанына дейін

8. Дәрежеліліктің өсуі және докторанттарды қорғау деңгейін арттыру есебінен кадр әлеуетін дамытудың Жол картасы әзірленсін.

Зерттеулер, инновациялар және цифрландыру
жөніндегі проректор,
2023 жылдың 1 қаңтарына дейін

9. КеАҚ мүмкіндіктерін ескере отырып, кірістерді әртараптандырудың кешенді жоспары әзірленсін.

Бас бухгалтер,
зерттеулер, инновациялар және цифрландыру
жөніндегі проректор,
қашықтықтан оқыту және қосымша білім беру
басқармасының бастығы,
әкімшілік-шаруашылық басқармасының бастығы
2022 жылдың 1 желтоқсанына дейін

10. Студент жастардың мәселелерін жедел шешу, олардың әлеуметтік белсенділігі мен пайдалы бастамаларын дамыту үшін «халық үніне құлақ

асатын университет» қағидатын іске асыруда Студенттік Парламентке жан-жақты қолдау көрсетілсін.

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы бойынша проректор,
2022-2023 оқу жылы ішінде

11. Осы шешімнің әрбір тармағының орындалуы туралы ақпарат ғылыми кеңестің отырыстарында тыңдалсын.

Ғылыми кеңестің хатшысы,
шешімнің әрбір тармағын орындау мерзімі
аяқталғаннан кейін бір ай ішінде

12. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңестің хатшысы



М.Хасанова